

ҚАСЫМ ОТЫ СӨНБЕЙДІ

Биыл қазақтың аса көрнекті де дарынды ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 80 жыл толады. «От шайнап, шоқ асаған» біртуар ақынның қазақ поэзиясында жалпы дүрмектен ала бөтен, өресі биік кең өлмес-өшпес дәстүрі бар, Кезінде «Дейсіндер-ау! Қасымның несі басым?! Қасым солай болмаса, несі Қасым, «Ақынмын» деп қопаңдап жүргендердің Әммесінен Қасымның десі басым» деген Мұқағали Мақатаев оның өршіл рухты үрдісінің лайықты ізбасары, сол өміршең дәстүрді ілгері апарушы. «Қазақ совет әдебиетінің тарихында» атап көрсетілгендей, біздің жерлес ақындарымыз Қабыкен Мұқышев пен Мақсұт Байсейітовтің де Қасымның шәкірттері қатарынан саналғанын шын мақтаныш етеміз.

Қ. Аманжолов 1911 жылы қазан айының 10-ында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының қазіргі Фрунзе атындағы совхозының Аққора бөлімшесінде (бұрынғы Темірші болысының № 2 ауылында) туған. Ол жастай жетім қалып, 1921 - 1926 жылдары Семей қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. 1927 жылдан 1930 жылға дейін Семейдің мал дәрігерлік техникумында оқиды. Қасым 1931 жылы Ленинград қаласындағы орман шаруашылығы институтына барып түседі. Онда бір жыл оқып, денсаулығы жарамағандықтан оқуды тастап, Орал қаласына келіп, сондағы «Екпінді құрылыс» газетінде қызмет істейді.

Осы жылдардан бастап Қасым өлеңдері газет бетінде көріне бастайды. 1938 жылы ақынның «Өмір сыры» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шықты. Осы алғашқы өлеңдер жинағының өзі Қасымның ақындығын бірден танытқандай болды. Ол сол күндердің өзінде орыстың және дүние жүзі классиктерінің шығармаларымен таныс екендігін байқатты. Осы жинақта Байронның «Чайльд Гарольд» поэмасынан үзінді және бір романсы, Некрасовтың екі өлеңі жас ақынның тәржімасымен берілген. Сол жылдардан бастап Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Шевченко шығармаларын қазақ тіліне аудару бастауы Қасымның ақындық

өсу жолын анықтай түседі. Осы жылдары жарық көрген «Ленин және дүние», «Дауыл», «Орамал», «Ғашық едім, қайтейін», «Жолдас маршал» сияқты өлеңдерінде ойнақы, өрісті ойлар, терең сезім, өткір тіл, соны леп байқалады.

Қасым «Жолдас маршал» атты өлеңінде азаматтық идеяны қозғай отырып:

Адам болып туғанмын,
Адамша өтем,
Аямаймын, барымды беріп кетем...
Дүние тулап жатса да, мұхит мөңкіп,
Мен емеспін қаймығар жаудан қорқып.
Жекпе-жекке жиһанға шық десе елім.

Шығар едім, тәуекел, ықпас едім, -
деп өз ойын екпінді де жігерлі сөздермен білдіреді. Оқырман қауымды Отанды сүйуге шақырады.

Ақынның 1940 жылы жазған «Орамал» атты лирикалық өлеңінде махаббаттың баяндылығы мен тұрақтылығының өнегесі өте әдемі жеткізіледі. Майданға аттанғалы тұрған жауынгерге сүйген жары орамал ұсынады:

Жаудан елді қорғауға
Жарым кетіп барасын,
Бәлкім жарар орауға
Білегіңнің жарасын.
Бәлкім осы орамал,
Қызылқанға боялар.
Жанға тисе жат хабар,
Жарың шошып оянар.

Махаббаты берік, жаны сұлу адамның ғана аузынан шығатын осынау сөздер жүрекке жылы тиіп тұр емес пе? Ақын лирикалық өлеңдер жазумен қатар «Қытай қызы», «Құпия қыз», «Бнкеш» атты лиро-эпикалық поэмалар да жазды.

Қасым Ұлы Отан соғысы басталар кезде Қиыр Шығыста әскер қатарында болады. Содан ол Байкал, Орал арқылы майданға аттанады. Осы кездері «Байкал», «Орал» атты ғажап лирикалы жүрек тебіренер екі жырын жазды.

Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым менің, Оралым,
Қол созып қызыл вагоннан,
Үстіңнен өтіп барамын.

Сағындым сені, Оралым,
Күндер жоқ бейбіт бұрынғы,
Келгенше қайта оралып,
Алып қал осы жырымды, - дей келіп:

Қош болшы енді Оралым,
Мен үшін сен күл, сайранда,..
Айтпақшы қайда бораның?

Кетейік алып майданға -

деп бауыр басқан жермен зор сағыныш, шынайы қимастық-пеносылайша қоштасады.

Соғыс жылдары Қасым көптеген азаматтық лирикаға толы өлеңдер жазды. Солардың ішінде ақын «Қанқұйлы жау», «Отан соғысы туралы жыр», «Үстімде сұр шинелім», «Сен фашистің, мен қазақпын» сияқты қанатты жырларында совет адамдарының зұлым жауға деген ыза-кегін білдіріп, әрбір солдатты жауға мейірімсіз болуға, жеңіс сағатын тездетуге шақырып отырды. Өзі де басқыншы жауға қарсы қолындағы қаруымен де, жалынды жырларымен де аяусыз күресті.

Қасым поэзиясының соғыс тақырыбына арналған шоқтықты дүниелерінің шыңы - «Абдолла, яки ақын өлімі туралы аңыз» поэмада Қасымға тән асқақ романтика, жалын атқан ақындық шабыт, қанықты көркем бояу ерекше көге түседі. Жау оғынын астында қалып, өртке шарпылған Абдолла жауына берілмей ерлік күрес жүргізеді. Сол от пен оқ ішіндегі арпалыста жүрген батыр:

Күдірет күші жер-жиһанның
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың,
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп,
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл жүрек,-

деген асқақ патетикамен оқырман жүрегін бірден баурап алады.

«...Бұл батырдың қанымен жазылған, әр сөзі оқ боп ағылып, от боп шашылып тұрған оптимистік трагедия... Расында да әрбір сөз қыранның қанатынан, арыстанның ашуынан, жолбарыстың жүрегінен алынғандай. Сол қасиеттің арқасында ақын жүрегі жау жолына бомба болып жарылған. Осы бір өлеңнің өзі Қасымды ең күшті ақынымыз ете-

ді» деп жазды ақын Әбділда Тәжібаев (Социалистік Қазақстан», 18. 05. 1948 ж.).

Абдолланың жауға берілмей, ел намысын қорғау жолында ерлікпен қаза тапқан қыран ғұмырын ақын кейінгі толқын - жас қауымға өнеге етіп ұсынады.

1949-1950 жылдары Қасым өзінің лиро-эпикалық ірі шығармаларымен қазақ совет поэзиясының төрінен лайықты іргелі орын алды. Солардың ішінде «Дүние дұшпандарына», «Бактерия королі», «Дүние сыймас бомбаға», «Май майданы» сияқты туындылары бейбітшілікті жақтау, соғыс өртің тұтандырушыларды әшкерлеу ретінде жазылған.

Қасым аударма жұмысымен де көп шұғылданды. Пушкиннің «Полтава» поэмасын, Лермонтовтың «Маскарад» атты драмалық поэмасын, Маяковскийдің оннан астам өлеңін, Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасын қазақшалады.

1948-1952 жылдары ақынның көзі тірісінде «Дауыл», «Нұрлы дүние», «Балбөбек» атты үш бірдей өлеңдер жинағы жарық көрді. Одан кейін таңдамалы шығармалар жинағы басылып шықты. Кейбір жекелеген өлеңдері шетел тілдеріне аударылды. 1949 жылы орыс тілінде «Солнечный день» атты өлеңдер жинағы жарыққа шықты.

Өкінбен мен бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім, деп, —

деп тебіренген Қасым, сайып келгенде, өзінің ақындық творчествосын болмашы ұсақ-түйекке емес, әлеуметтік мәні зор мәселелерге арнады. Өлең-жырлары халық игілігіне айналып, артына өрісті ой, өшпес керкем мұра қалдырды. Ол өзінің асқан дарындылығымен қазақ совет әдебиетінің классигі дәрежесіне дейін көтерілді.

Мынау аспан, ай, жұлдыздар тұрғанда,
Қасым оты еш уақытта сөнбейді,
Жалынын бөліп беріп жылдарға,
Тек Қасымша алға құлаш сермейді, —

деп Сырбай Мәуленов айтқандай, Қасым Аманжоловтың асыл бейнесі қазақ елінің аспанында айқын нұрымен жарқырай береді.

Қаңтар, 1991 жыл.

САҚЫПЖАМАЛ

Осы жылғы шілде айының 5-6 жұлдыздарында Қарқаралы жерінде Қ. Аманжоловты туғанына 80 жыл толуына арналған ұланасыр мерейтой болып өткені мәлім. Осы тойға астанадан көптеген ғалымдар, атақты ақын-жазушылар келді. Солардың ішінде Қасымның жұбайы Сақыпжамал, қызы Дариға да бар еді.

Алғашқы күні Қасымға қойылған ескерткішті ашудың салтанатты сәті болды. Ақынды еске алып көптеген адам-

дар жүрек жарды сөздерін айтты. Мен де сөйлеп, Қасыммен алғашқы кездескенімді, үйінде сан рет болып, Сақып-жамал апайдың қолынан дәм татқандығыма дейін еске алдым. Дариғаның бетінен сүйіп, апайға қол қусырып сәлем бергенмін.

«Бір күн дәмдестің кырық күн сәлемі болады» дегендей бүгін де Алматыға келіп, апайға сәлем бергелі үйіне телефон шалдым. Үйінде екен, телефон тұтқасын өзі көтерді, - Ой, айналайын Рамазан, сенбісің, үйге кел, - деп адресін берді. Тоғызыншы автобуспен барып Никольск іліркеуінің маңынан түскеннен кейін, әрі қарай алыс емес екен. Дариға қарсы алды.

Төртінші қабатта, екі бөлмелі пәтерде тұрады екен, бөлмелер сәнді жиһаздармен безендірілген. Дариғаның бөлмесіндегі кітаптар сөресі анайдан көз тартады.

- Қасымның «Дауыл» жыр жинағы бар ма, қарашы, - дедім Дариғаға. Ескірген сұр мұқабалы кітапты ұсынды. 1948 жылы басылып шыққан дүние көзіме оттай басылды. Өйткені студент кезімде оның корректурасын қараған едім.

- Денсаулығыңыз қалай, күйлі-қуаттысыз ба, хал-жағдайыңыз жақсы ма? - деп апайды сөзге тарттым.

- Құдайға шүкір, балаларымның арқасында аман-есен жүріп жатырмын. Жетпіс үшке келген адамда жақсы денсаулық бола қоймайды ғой, қан қысымы көтеріледі, аяғым ауырады, көп жүре алмаймын. Мына төрт қабатты үйге кіріп шығудың өзі қиын болып тұр. Төменгі қабаттан үй сұрап жүрміз, әзірше одан хабар жоқ.

Дариға ас дайындау қамында жүр. Шәй ішуге отырды.

- Қарқаралыдан жол қиыншылығын көрмей жақсы келдіңіздер ме? Сыйға алған «Жигулиді» сол жолы жеткізіп алдыңыздар ма?

- Біз, Дариға екеуміз самолетпен ұшып келдік. Күйеу бала машинаны кейіннен өзі айдап әкелген. Токтаусыз. аман-есен келді.

- Күйеу бала деп отырғаныңыз Жаннаның жолдасы ғой, сірә. Құдаларыңыз кім еді?-деп Сәпен апайға тағы бір әңгімені бастап бердім. ^

- Жаннамыз ақын Сырбай Мәуленовтың баласына тұрмысқа шыққан. Құдамыз қатты ауырып, Қасымның тойына бара алмай қалды. Қазір тәуір, жақсы, - деді апай бірте-бірте шешіле сөйлеп.

- Туған жері Қаскеннің тойын жақсы дайындықпен, думандатып өткізді ғой, риза болып қайтқан шығарсыз?

- Қасымның көзі тірісінде көрмеген сый-құрметті біз ағайын-туысы көріп жатырмыз. Аруақ риза, Қасым тіріліп келгендей бір жасап, қуанып қалдық. Халқымызға, оның ішінде Қарқаралы азаматтарына үлкен рахмет,- деп апай ағынан жарыла, өзінің ризашылығын білдірді. Сонымен бірге Сәпен апай Қасымның тіршілігінде ешқандай қызық көрмегендігін, ұлтшыл деп айып тағылып, бертінге дейін соңынан қаңқу сөз, өрттей қаулаған өсең-аяң қалмағандығын, төсек тартып жатып қалғанда дос боп жүргендердің сырт айналып кеткендігін көзіне жас ала отырып әңгімеледі.

- Меңдеген сырқатына карамастан өршілдік көрсетіп, ақтық демі біткенше өлең жазып кетті ғой, сабазың,-деп күрсінді Сәпкен.

- Өмірінің ең соңғы бір шағында былай деген еді:

О, тағдыр, мені сауықтыр.
Айтатын жыр, ойым бар,
Көңілім соған ауып тұр,
Алда бір қызық тойым бар.
Бір өзім емес, көп үшін
Көкірегім толы күйім бар.

Ауыр халде жатқан Қасым, арманын осындай өлеңдермен өрнектеген болатын...

Апайдың ойын сергітейін деген мақсатпен:

- Қасымның ең алғаш сізге арнап жазған өлеңін есіңізге түсіріңізші, - дедім күле сөйлеп.

- Екі өлеңі әлі есімде, оның біріншісі былай басталатын:

Рас жаным! Едім ғашық
Жастық албырт күнімде.
Ол бір кездер кетті-ау кашық,
Түс секілді бүгінде.
Онда менің көңілім көктем,
Жүзім бейне жаз еді.
Өсек-аяң, қауесеттен,
Зифа бойым таза еді, -

деп мүдірместен айта бастаған сәтте-ақ апайдың жүзі жайнап, көзі күлім қақты. Ал, екіншісі өздерің білетін кітаптағы: «Сақыпжамал! Бір өзіңде екі әйелдің аты бар, - деп келетін жолдар ғой, - деп нұрлана қарады.

Шәй ішіліп, ас желініп бітті.

- Шаңырақ биік, босаға берік болсын, арттағы шырақтарыңыз сөнбесін, өзіңізге қасірет-қайғы төнбесін, әумин! -деп ас қайырып, бата бердім.

- Ой, айналайын Рамазан, айтқаның келсін, көп жаса! - деп риза боп, рахметін айтты.

- Алдағы 1992 жылы Қасым туралы естеліктер жинағы шығады деп жүр ғой. Құрастырушы өзің көрінесің, бұл жөнінде қандай жұмыстар қолға алынып жатыр, - деп сұрадым.

- Ол рас, -деді Дариға,-«Жазушы» баспасының жоспарында бар, алдымыздағы жылы осындай кітап шықпақшы. Өзім республикалық кітаптар палатасында бас библиограф болып қызмет істеймін. Барлық газет-журналдар бізде сақталады. Солардағы әкем туралы жазылған материалдарды көптен бері жинастырып жүрмін. Оның ішінде сіздің де «Орталық Қазақстан» газетінде басылған Қасым туралы естеліктеріңіз бар, - деп Дариға менің жазған материалдарымды көрсетті.

-- Әкеңнің аруағы разы болатындай қасиетті іске кіріскен екенсің, қалқам, еңбегің жемісті болсын, сәттілік тілеймін, - дедім Дариғаға риза болып.